

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 558 қаулысы

"Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қызметін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
Жоба

**"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы"
Қазақстан Республикасының
Заңына толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасының Заңы**

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы" Қазақстан Республикасының 1996 ж. 26 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршылары, 1996 ж., N 1, 179-құжат; N 14, 274-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 6, 191-құжат; 2001 ж., N 15-16, 224-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

3-бап "шаруашылық байланыстардың" деген сөзден кейін "бір немесе бірнеше қазіргі технологияларды дамытудың" деген сөздермен толықтырылсын;

5-баптың 1-тармағының бірінші бөлімі "немесе арнайы экономикалық аймақ құрылатын аумақтағы әкімшілік-аумақ бірлігінің жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының келісімі бойынша тиісті орталық атқарушы органның" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

7-бап мынадай мазмұндағы 2-бөлікпен толықтырылсын:

"Орталық атқарушы органның ұсынысы бойынша арнайы экономикалық аймақ құрылған жағдайда арнайы экономикалық аймақты басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін орталық атқарушы орган жүзеге асырады".

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК